ЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

май Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

**Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тердің және совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Көктемгі егісті және басқа ауылшаруашылық жұмыстарын үлгілі өткізейік! Колхоздар мен совхоздардың барлық егісінде мол өнім өсірейік!**

(БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы 1 Майға арнаған ұрандарынан).

## ...кезіндегі ...ері

...старының озаттарын
...мен жауынгерлік лис-
...ілеп отыру, артта қал-
...ктік батыл сынға алу
...рін береді.
... кезінде колхозшылар
...арысын тыңғылықты
...я -бұқаралық жұмыс-
...егі болып табылады.
...ы ауылшаруашылық
...белерін, игі табыста-
...дап, таратып отыру-

...е бастауыш партия
...гіне сүйене отырып,
...стары мен бригадалар-
...налар, үгіт пунктте-
... Бұл жөнінде Прие-
...Владимировка селолық
...оқу үйінің жұмысын
...кетуге болады. Бұл
...і кітапхана ұйымдас-
...ындағы колхозшылар
...ды көркем әдебиет
...ыдай қамтуға жетісіп
...ар, көшпелі кітапха-
... күнбе -күнгі жаңа
...амасыз етеді.
... партия ұйымдары
...жұмыстарын осы та-

# Егіс жұмысында әрбір сағат уақыт қымбат

★ ☆ ☆ ★

## Облыс колхоз, совхоздарында көктемгі егістің барысы туралы 5 майдағы МӘЛІМЕТ

| Аудандар | Егіс жоспарының орындалу проценті |
|---|---|
| Ленин | 30,1 |
| Приешім | 24,4 |
| Преснов | 18,9 |
| Петропавл | 16,1 |
| Совет | 14,5 |
| Октябрь | 14,3 |
| Булаев | 10,9 |
| Конюхов | 10,1 |
| Полудень | 9,5 |
| Соколов | 5,7 |
| Мамлют | 2,3 |
| Совхоздар бойынша | 34,9 |
| Облыс бойынша | 16,1 |

* * *

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егістің басталғанына едәуір уақыт өтті. Соңғы аптада Ленин ауданының колхоздары мен совхоздары көктемгі дала жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсарта түсті. Бұл ауданның егіншілері егіс жұмыстарына өздерінің барлық күш-мүмкінші-

## Ырғалып-жырғалушылықтан шыға алмай отыр

—Біздің аудан табиғатының өзіндік ерекшелігі бар, —дейді КК(б)П Конюхов аудандық комитетінің секретары Макаров жолдас, —колхоздарымыздың егістік жерлерінің көпшілігі ағаш аралығындағы ояң жерлерде. Олардың суы әлі кеуіп болған жоқ. Егістік жерлердің кебуін күтіп отырмыз. Жер кепсе- ақ көктемгі дала жұмыстарын жаппай бастаймыз.

Макаров жолдас дұрыс айта ма?

Жағдай шын осындай ма? Жоқ. Макаров жолдас және ауданның басқа да басшылары колхоздардағы жағдайды сон шалықты жете білмейді. Олардың қай-қайсысы болсын колхоздарда, егіс басында болып жағдайымен жете танысқан емес. Ал, шындығында колхоздардың қай -қайсысында болсын егіс жұмыстарын қазір өрістете жүргізуге болады. Буларда егістік жерлер жыртуға да, тырмалауға да, себуге де жарап қалды. Бірақ, амал не, аудан колхоздарының көпшілігі егіс жұмыстарына осы уақытқа дейін шындап кіріспей отыр.

Рас, ауданның кейбір алдыңғы қатарлы колхоздары көктемгі егіс жұмыс-

...пеген колхоздардың бірі. Бұл колхоздар да жоғарыдағы «Красная крепость» колхозымен көршілес. Сондықтан бұларда дала жұмыстарын жаппай бастайтын мезгіл жетті.

«Колос» колхозында да егіс жұмыстары ұйымдасқан түрде басталды. Осы колхозбен шектес «Путь Ленина» колхозы егіс жұмыстарына әлі кіріскен жоқ. Колхозда егістік жерді іріктеп жыртуға керекті мүмкіншіліктің бәрі де бар. Бірақ, не пайда, колхоз басшылары жердің жаппай кебуін күтумен уақытты босқа өткізіп алды. Суворов МТС-нің қамтуындағы колхоздардың көпшілігі дала жұмыстарына әлі күнге дейін кіріскен жоқ. МТС директоры Мотыгин жолдас: «біздің колхоздардың бәрінде дерлік жерді іріктеп жыртуға және тырмалауға әбден болады. Бірақ, колхоздардың мұны неге қолға алмай отырғаны маған мәлім емес», дейді.

Молотов атындағы колхозда да дала жұмыстарының жайы мақтарлық емес.

Қорытып айтқанда, ауданның көп колхоздары көктемгі егіс жұмыстарына әлі

## Совхоз егіншілерінің қажырлы еңбегі

Возвышен астық совхозының егіс даласында 16 агрегат үздіксіз жұмыс істеуде. Әрбір трактор агрегаты және әрбі... тракторшылар күн сайын өнімді еңбе... ету жөнінде бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған. Осы сыяқты, көктемгі егісті тұжырымды мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы социалистік жарысқа совхоз бөлімшелері де ұштасқан. Қазір мұндай игі іс өз нәтижесін беріп отыр. Совхоз бойынша қысқа мерзім ішінде 7 мың гектар егістік алаңға дәнді дақылдар себіліп болды.

Көктемгі дала жұмыстары, әсіресе № 3 бөлімшеде ойдағыдай ұйымдастырылған. Сондықтан да бұл бөлімше жер жырту, тұқым себу, жер тырмалау жән... тағы басқа да жұмыстар жөнінде совхоз бойынша алдыңғы қатарда келеді. Мұнда қазірдің өзінде дәнді дақылдардың 5... проценті егіліп болды.

Осы бөлімшенің В. Коленконың басқаруындағы трактор агрегатының тракторшылары стахановша еңбек етіп, күрдел... табыстарға жетті. Бұл агрегат «С—80»

жұмыстарының жоспарын 2 проценттен аз-ақ артық орындауы таңқаларлық іс емес.

Бастауыш партия ұйымдары тікелей дала қостарында егіс және трактор бригадаларындағы колхозшылар мен механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты үздіксіз жүргізіп отыруға міндетті. Үгітшілер халықаралық және Совет Одағының ішкі жағдайлары туралы, совет үкметінің бейбітшіл саясаты туралы әңгімелер өткізуге, коммунизмнің ұлы құрылыстары, табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарларының орындалуы, ауыл шаруашылығының өркендеуі, советтік агробиологиялық ғылымның жетістіктері мен озат тәжрибелерді өндірісте қолдану туралы насихатты кеңінен өрістетуге тиіс. Бұл үшін партия ұйымдары ұрандарды, плакаттарды, сурет көрмелерін кеңінен пайдаланатын болулары керек.

толық пайдалана алмай келеді.

Облыс колхоз, совхоздарында көктемгі егіс жұмыстарының барысы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр дедік. Олай болса, аудандық партия комитеттері мен колхоз, совхоз бастауыш партия ұйымдары егіс кезінде ұйымдастырушылық жұмыстардың дәрежесін мейлінше арттырумен бірге, егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс пен социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыруға, сөйтіп, мол өнімнің негізі —егіс жұмыстарының тұжырымды мерзімде, сапалы өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Көктемгі егіс кезінде колхозшылар мен механизаторлар арасында саяси-бұқаралық жұмысты мейлінше күшейту — партия ұйымдарының алдында тұрған аса маңызды міндет. Көктемгі егісті үлгілі өткізу бұл міндеттің де ойдағыдай жүзеге асырылуына байланысты.

бескүндік жоспары орындалмай қалды.

Ендігі жерде аудан, колхоз және совхоз басшылары, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары қолда бар барлық күш-мүмкіншілікті көктемгі егіс жұмыстарын барлық жағынан тыңғылықты жүргізуге жұмылдыруға міндетті.

тағдыры шешілетін кезеңде Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозының егіншілері егісті мерзімінде және сапалы өткізу жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете түсуде. Олар осы арқылы егіс жұмыстарының барлық түрін бір-бірімен ұштастыра жүргізуге мүмкіндік алып отыр.

келеген кол... лы еңбек е... және Ақма... тағайындал... үнемі арты... Мұндай көк... хозда өте к...

## Сочидегі Н. А. Островскийге арналған музей

СОЧИ, 5 май. (СОТА). Сочиде большевик-жазушы Н. А. Островскийдің музейі ұйымдастырылғанына 15 жыл толды. СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде большевик-жазушы музейінің директоры Е. А. Островская мыналарды айтты:

—Жазушының тірі кезінің өзінде-ақ оның үйіне келушілер көп болатын. Қазір Сочиге алыс аудандардан келушілер сүйікті жазушының музей үйіне кіріп шығуды өзінің борышы деп есептейді.

15 жылдың ішінде музейде 800 мыңнан астам адам болды. Большевик-жазушының музейі көптеген лекциялық жұмыстар атқарды. Жазушы туралы Абхазияның курорттары мен минералдық суларында, Москвада, Ленинградта, Донбасс пен Кубаньнің қалаларында, сол сияқты, басқа да аудандарда лекциялар оқылды. Музей қызметкерлері әзірлеген көрмелер ұйымдастырылып, онда Н. Островскийдің өмірі мен творчествосы толық көрсетілді. Мұндай көрмелер еліміздің көптеген қалалары мен кітапханаларында, мектептерде болды. Соғыс жылдарында музей майдан мен тығыз байланыс жасап тұрды. Сочидегі Н. Островскийдің музейіне келушілер музейді «Батырлықтың мектебі» деп атайды.

Жазушының өмірі мен творчествосы халықтық демократия елдері мен шетел жастарына да жақсы таныс.

## Кітап базарлары

5 май күні Москвада большевиктік баспасөз Күніне арналған дәстүрлі кітап базарлары ашылды. Көптеген москвалықтар бірінші баспашы Федоровка орнатылған ескерткіштің маңындағы кітап базарында болды. Бұл базарда саяси, ғылми, көркем әдебиет, педагогикалық оқу құралдары, сол сияқты, журналдар, көркем плакаттар болды.

Үлкен кітап базары Москва университетінің жанынан да ашылды.

Кітап базарлары бір ай бойы ашық болады.

# Облыс еңбекшілері жаңа заемға ұйы...

* * *

## Коммунизмнің салтанат құруы үшін

Жаңа заемның шығарылуы туралы үкмет хабарын мен зор қуанышпен қарсы алдым. Өйткені, жаңа заем —коммунизм құру заемы, ол— бейбітшілік заемы. Капиталистік елдерде заемның шығарылуы соғыс хаупін, аштық пен жалаңаштықтың хаупін күшейте түседі.

Біздің елімізде мемлекеттік заемдардан түскен қаржы Отан игілігіне, халық игілігіне жұмсалатынын біз жақсы білеміз. Жаңа заем —соғыс өртін тұтандырушыларға жаңа соққы, баянды бейбітшіліктің кепілі болады.

Совет мұғалімдері Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру, бейбітшілікті нығайта беру ісінен ештеңені де аямайды. Біз, мұғалімдер жаңа заемнан түскен қаржының халқымыз сталиндік ұлы құрылыстар деп ат қойған коммунизмнің ұлы құрылыстарына жұмсалатынын мақтан етеміз. Дүние жүзіндегі бірде-бір елде болып көрмеген бұл сияқты елімізде салынып жатқан ұлы құрылыстарға, коммунизмнің салтанат құруы үшін келелі үлесімізді қосу үшін жастарға терең білім, коммунистік тәрбие беру жолында аянбай еңбек етумен бірге, жаңа заемға шын ықласыммен және қуанышпен жазыламын.

**Г. СЕЙТАҚОВА,**

**қаладағы № 3 татар жетіжылдық мектебінің орденді оқытушысы.**

* * *



Петропавл паровоз депосының цехтарында жаңа ... леу үстінде өтті.

СУРЕТТЕ: депоның ең карт слесарі Степан Алек... ға жазылып тұрған кезі. Сурет...

## Зор өрлеу

Карл Маркс атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемын шығару туралы үкмет хабарын зор қуанышпен қарсы алды. Заемға арналған жыйын зор өрлеу үстінде өтті,

Жыйынна... ғы колхозд... ұйымдасқан...

